

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
шетел азаматтарына арналған
дайындық факультетінің
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары
Т.М. Буланова, Қ.Р. Ембергенова.

Оқушылардың білім деңгейін жоғары дәрежеге көтерудің негізгі жоспарлары.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі-оқушыларды өз бетімен еңбектенуге үйрету, ой-өрісін кеңейту, білім дағдысын дамытумен қатар пәнге деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Сондықтан, сабақты түрлі дәрежеде түрлендіріп өткізу керек. Сабақты түрлендіріп өткізу оқушыларды алғырлыққа, зеректілікке, шапшаңдыққа баулиды. Оқушының қызығушылығын оятады.

Егер оқу үрдісінде білімге деген қызығушылық қалыптасса, оқушылардың мақсатты түсіне білуі мен мақсат қоя білуі белсенді қалыптасады. Осының нәтижесінде жұмыс жасау арқылы жүзеге асыру кезінде оқытушы педогогикасы да арта түседі. Сабақта оқушылардың білімдерінің деңгейін бағалау мақсатында деңгейлік тапсырмалар беріп, тапсырмаларды орындап болғанға есеп құрау, сурет салу, логикалық есептер шешу сияқты шығармашылық тапсырмалар береміз.

«Адамның даңқы – оның ойлау қабілетінде», -деп ұлы физик Паскаль айтқанындай, оқушылардың ойлау қабілеті мықты болса, ол келешекте жақсы маман иесі болатындығы даусыз.

Оқытушының алдында мынадай мақсаттар болу керек.

1. Оқушылардың алған білімдерін жинақтау, ойлау, танымдық қабілетін, логикалық сауаттылығын дамыту.
2. Ойын элементтері арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру, белсенділігін арттыру.
3. Оқушыларды шығармашылыққа баулу. Пәндік мазмұндағы есептер шығарту арқылы пәндік тәрбие беру.
4. Оқушының бар зейінін, назарын өзіне, өтілетін тақырыпқа аударта білу.
5. Сабақ сапасын көтеру, ізденімін, танымын қалыптастыру.
6. Логикалық, психологиялық ойлауға, жылдамдыққа, шапшаңдыққа жетелейтін ойындар ұйымдастыру.
7. Оқушының пәндік олимпиадаға, ғылыми – зерттеу жұмыстарына дағдысын қалыптастыру.
8. Оқушының шығармашылық арқылы дарындылығын дамыту.
9. Оқушының ақыл-ой қабілеттілігін жетілдіріп отыру.

Ойындар ұйымдастыруда оқушыларды қызықтыратын тапсырмалар таңдай білу-ұстаздан үлкен шеберлікті талап етеді. Ойын-

шығармашылық, әрі еңбек. Бұл ойын әлемінен өрнектелген сабақ қызықты әрі ұтымды. Яғни, пәнге деген қызығушылығын арттыра түспек. Мысалы, 1-есеп.

	10	

Кез-келген бағандағы сандардың қосындысы 30-ға тең болатындай етіп тор көздерді 2,4,6,8,12,14,16,18 сандарымен толтыр.

2-есеп.

$$1. Q=I^2 R *$$

$$2. *=I U *$$

$$3. * =* t$$

$$4. *=U^2/*$$

$$5. *=E/* - r$$

Немесе ауызша және логикалық сапалы есептер шығаруға болады:

1-есеп.

Не себепті ағаш құрылыс материалдары вакуумдық камераларда тез құрғайды?

2-есеп.

Техникада металды суық түрде пісіру әдісі қолданылады, бұл үшін бір темір деталін екіншісіне қойып, оны қатты сығу арқылы берік қосылыс алады.

Бұны қалай алады?

3- есеп.

Столда жеті стақан төңкеріліп тұр. Бір мезгілде екі стақанды аударып қоюға болады. Осы амалды бірнеше рет орындау барысында барлық стақанды түбімен қою мүмкін бе?

Бұл есептер оқушыны логикалық, психологиялық ойлауға, жылдамдыққа, шапшаңдыққа жетелеумен бірге, оқушының ізденімін, танымдық процесін кеңейтеді.

Жаңа білім беру тек қана оқытушының білім беруімен ғана шектеліп қана қоймай, тыңдаушылардың өздерінің алдын – ала жүргізілген экскурсиялардың, тәжірибелер мен эксперименттік бақылаулардың, тапсырмалардың нәтижесінде ұйымдастырылады. Мұндай жағдайда тыңдаушылардың өздігінен ізденіп, білім алуының негізгі үш тірегі бар. Біріншісі, тыңдаушылардың өткен материалды меңгерген біліміне сүйене отырып, білмейтін жаңа білімді қабылдауы; екіншісі, өздерінің білім тәжірибелерін пайдалануы; үшіншісі, олардың оқулық және басқа қосымша құралдардан алынатын деректер негізінде оқып үйренуі.

Физика пәні үшін білім бағалау сабағы аса қажет. Өйткені, теориялық физикалық ұғымдар, ережелер, заңдар көп. Ал, осы ережелерді әлсін-әлі жинақтап, тыңдаушылардың оны қандай дәрежеде түсінгенін тексеріп

отырма, олардың келесі материалды меңгеруі қиынға соғады. Себебі, физиканың тақырыптары өзара логикалық байланыста, ал кейде табиғи заңдылықтың жалғасы болады.

Атақты француз ғалымы Луи де Бройль былай дейді: «Ең қарапайым мәселені қозғайтын ойындардың өзінде ғылыми жұмысқа ұқсас жалпы элементтер көп кездеседі. Екі жағдайда да (ойын мен ғылыми жұмыс) ең бастысы қойылған мақсаттың болуы, сонан соң қиындықтың болуы, оны жеңу, жаңалықты ашу – қуаныш. Міне, сондықтан да, бар адамдарды, жасына қарамастан, ойын өзіне тартып тұрады».

Ойынның идеясын көбінесе оқытушы өзі ойлап табады. Қазіргі оқытушы әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр топтың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әр түрлі әдістері мен формаларын таңдай білуі қажет. Сонымен қатар, тыңдаушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын таңдай білу керек. Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі- сабақта ойындарды қолдану. Ойын, білім алу, еңбек ету- адамның негізгі қайраткерліктері. Ойын- әрқашан кішкене білім, бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі.

Сонымен бірге, физикалық қызықты есептермен сұрақтарға байланысты, физика пәнінен қызықты физикалық кештер, сайыстар, эстафеталар жүргізіп отыру керек. Мысалы, «Кім көп біледі?», «Қызықты физика» кеші, «Білімқұмарлар елінде», «Физика-компьютер», «Формулалар әлемі», «Физика техникада және тұрмыста», т. б.

Пән мұғалімдерінің білім сапасын арттырудағы шарттарын кеңінен қолдану керек, соның ішінде оқыту теориясының дамытылуы мен практикада орынды қолданылуын, көрнекі және техникалық оқу құралдарымен толық жабдықтауын, жүйелі түрде жұмыстың атқарылуын айта кетуімізге болады. Оқыту принциптерін білу оқытушыға, оқу процесін оның заңдары мен заңдылықтарына сәйкес ұйымдастыруға, оқытудың мазмұнын, түрлерін, әдіс-тәсілдерін, оның мақсаттарына сай дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Оқыту теориясы мен практикасының дамуына, оның жаңа баыттары мен заңдылықтарының ашылуына, тағайындалуына байланысты жаңа дидактикалық принциптер тұжырымдалады, ескілері жаңаланады, топталады. Еліміздің үлкен тірегі болатын жас ұрпақтың терең білімді, жан-жақты дамыған, зерек болуы –қазіргі заман талабы, уақыт талабы. Олай болса, оқушылардың білім деңгейін жоғары көтеруге жақсы маманның, яғни мықты кәсіби біліктілігі жоғары оқытушының қажеттігін көруге болады. Оқушылардың білім сапасын арттыру, ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқушылардың оқу іс-әрекетін педагогикалық сауатты ұйымдастыра білуіне байланысты. Оқыту теориясы қаншалықты дамытылғанымен, оқу бағдарламасы қаншалықты жетілдірілгенімен, оқулық

пен оқу құралдарының сапасы барынша жақсартылғанымен, оқу процесінде осының баршасына жан бітіріп, іске қосатын, оларды оқушылардың бақылау, байқау, зерттеу, оқу, үйрету тағы сол сияқты іс-әрекеттер объектісіне айналдыратын кілт - оқытушыда.

Пән оқытушыларының оқушыларды тестке дайындау барысы қалай болды және болашақта қалай болмақ деген мәселеге тоқталайық. Оқушыларды тестке дайындамас бұрын олардың нақты білім деңгейі бүгінгі талапқа сай ма соны бірінші анықтап аламыз. Әр оқушының білім деңгейі әр түрлі, сондықтан әр оқушыға қабілетіне сай тест тапсырмаларын әр пән оқытушысы өзі дайындайды. Тест тапсырмаларын құруда оған қойылған негізгі талаптар төмендегідей:

- мақсатын айқындап алу;
- білім, білік элементтерін анықтау;
- әртүрлі кезеңдерде білім берудің жалпы және дара мақсаттары мен деңгейін нақтылау;

Пән оқытушыларының тест тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптары мынадай болуы керек:

- тест тапсырмалары белгілі бір жүйелі ойды бейнелейтін логикалық (тұжырым) түрінде және оқушыға түсінікті тілде болуы керек;
- сұрақтың немесе тапсырманың шартының дұрыс болуы;
- тапсырма элементтерінің дұрыс орналасуы;
- жауаптың белгілі бір қатесіз орны болуы;
- нұсқаудың барлық оқушылар үшін біртектілігі;

Осы бағытта жұмыс істеу барысында тест тапсырмаларының негізгі төрт формасын қолданайық:

- 1) Жабық түрі (бұл бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар нұсқауларға бөлінеді);
- 2) Ашық түрі (дайын жауап жоқ, оқушы ізденіп дұрыс жауапты тауып, жазады);
- 3) Сәйкестігін табуға арналған тапсырма (нақты деректердің өз ара байланысын іздеуге көп қолданады);
- 4) Реттілігін табуға арналған тапсырма жүйелі түрде тәжірибе жүргізу, пікір айту, есептеу білімін тексеру үшін қолданады.

Тест тапсырмаларының осы түрлерін қолдануда көптеген жетістіктерге қол жеткізуге болады. Білімді жүйелендіруде қолданылатын тест тапсырмаларына берілетін уақыттың шамадан артық болмауы өте маңызды. Тест - ойлау жүйесінде жылдамдықты, нақтылықты, алғырлықты талап етеді. Сондықтан, тест тапсырмаларын орындауға өте аз уақыт берілсе, онда кездейсоқ белгілеудің орын алатыны анық. Шамадан тыс көп уақыттың да берер зияны бар. Шамадан тыс көп уақыттың берілуі-көшірудің көрініс табуына жол береді. Сондықтан, екі уақыт интервалының балансын сақтау қажет.

Сабаққа қойылатын мақсаттар: білімді, іскерлік, дағдыны қалыптастыру; фронтальды лабораториялық жұмыстар, лабораториялық практикумдар

орындауда теориялық материалдарды бекіту мен қайталау; есеп шығаруға білімді пайдалану; білімді қайталау және жинақтау.

Тыңдаушыларды есеп шығаруда оқытудың нәтижелілігі сабақтың дидактикалық және тәрбиелік мақсатының, есептің мазмұнының шартын таңдауға мүмкіндік беретін әр түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдаланғанда жүзеге асатынын педагогикалық әдебиеттерді және педагогикалық тәжірибені талдау көрсетті. Жекелеген авторлар есепті шеше білу іскерлігін қалыптастыру бойынша оларды шешудің әр кезеңінде пайдаланылатын жұмыстың арнайы тәсілдерін ұсынады, бірақ олар физиканың мектеп курсындағы мәтіндік есептерді шешу үшін жасалған, ал ЖОО-да қолданбалы есептерді шешу үшін мұндай тәсілдер нақтыланбаған.

Көрнекті неміс педагогі Адольф Дистерверг 19- ғасырдың өзінде-ақ: «Жас мұғалімнің негізгі кемшілігі - өзіне белгілі материалды балаларға тегіс айтып беруге тырысуы». Ол нашар оқытушы шындықты (білімді) өзі айтып, хабарлайды, жариялайды, ал жақсы оқытушы шәкірттерді оны табуға үйретеді деп есептеді. Сондықтан бүкіл сабақ барысында, оның әрбір кезеңінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін жандандыра, белсендіре отырып, олардың көпшілігінің енжар қалмауын талап етіп, ұстаз оқыту мазмұнының нәтижесі болуын, шәкірттердің білім сапасының жоғары болуын, олардың өз әрекеттерінің сипатына тікелей тәуелді екенін үнемі басшылыққа алуының арқасында көптеген негізгі нәтижелерге жетуге болатынына көз жеткізуге болады.

Қорытынды.

Оқытушының оқушыларға сабақты түрлі дәрежеде түрлендіріп өткізуі және қажеттілігі, пән мұғалімдерінің білім сапасын арттырудағы шарттары қарастырылады және ол оқу үрдісінде оқушыларды алғырлыққа, зеректілікке, шапшаңдыққа баулумен қатар, оқушының пәнге деген қызығушылығын оятады. Оқушылардың алған білімдерін жинақтауға, ойлауға, танымдық қабілетін, логикалық сауаттылығын дамытуға, шығармашылыққа баулуға, пәндік олимпиадаға, ғылыми – зерттеу жұмыстарына дағдысын қалыптастыруға логикалық есептер мен шығармашылық есептер және тест арқылы алғырлыққа, жетістікке қол жеткізуіне ықпалын тигізеді. Шеберліктің негізі- оқушыларды өз пәніне қызықтыра білуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Сабыров Т. С. «Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негізі». Ғылыми диссертация. Алматы. 1996.
- 2) Қазақстан мектебі журналы. Алматы, 2001ж. № 1-12.
- 3) Физика журналы. Алматы, 2009ж. № 1- 6.

Резюме.

Шеберліктің негізі- оқушыларды өз пәніне қызықтыра білуде. Оқытушының оқушыларға сабақты түрлі дәрежеде түрлендіріп өткізуі және қажеттілігі, пән мұғалімдерінің білім сапасын арттырудағы шарттары мен оқушылардың алған білімдерін жинақтауға, пәндік олимпиадаға, ғылыми – зерттеу жұмыстарына дағдысын қалыптастырудағы қажеттіліктер қарастырылады.

Резюме.

Основа мастерства - умение вызвать интерес к предмету. В статье рассматриваются методы и проведения занятий на разных уровнях и необходимость формирования навыков у учащихся систематизации полученных знаний, подготовке олимпиадам, а также условия повышения качества знаний преподавателей.

Resume

The most important thing is to focus student's attention to the lesson. Teachers' should teach something' by several of ways. The aim is to increase level of the teachers', to determine what students learn, to know success in olympics and to try to make research as a habit.